



**«Оразалина Г.А.» ЖК азық-тұліктік емес тауарларды қабылдау және
комиссиялық сауда ережелері**

**Алматы
2024 ж.**

МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	3
2. КОМИССИЯГА ТАУАРЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ.....	3
3. КОМИССИЯГА ҚАБЫЛДАНГАН ТАУАРДЫҢ БАҒАСЫН ЖӘНЕ КОМИССИЯЛЫҚ СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРІН АНЫҚТАУ	5
4. КОМИССИЯГА ҚАБЫЛДАНГАН ТАУАРЛАРДЫ САТУ ЖӘНЕ ЕСЕП АЙЫРЫСУ ТӘРТІБІ	5
5. КОМИССИОНЕРДІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ.....	6
6. КОМИССИЯГА ҚАБЫЛДАНГАН ТАУАРЛАРДЫ АРЗАНДАТУ.....	6
7. КОМИТЕНТТИҢ ТАПСЫРМАНЫҢ КУШИН ЖОЮЫ.....	7
8. КОМИССИОНЕРДІҢ ТАПСЫРМАНЫ ОРЫНДАУДАН БАС ТАРТУЫ.....	7
9. ХАБАРЛАМА.....	7
10. КОМИССИЯ ШАРТЫН ТОҚТАТУ	7

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Ереже 1999 жылғы 01 шілдедегі №409-1 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес өзірленді және комиссияға қабылданған азық-түліктік емес тауарларды сату кезінде комитент арасындағы комиссия шарты бойынша, сондай-ақ, комиссionер мен сатып алушы арасындағы қатынастарды реттейді.
2. Ережеде Занда көзделген ұғымдар пайдаланылады, оның ішінде:
 - 1) Комиссия шарты – бір тараф - комиссionер екінші тарафтың - комитент тапсыруы бойынша сыйақы үшін комитент есебінен өз атынан бір немесе бірнеше мәміле жасауға міндettенеді. Комиссия шарты жазбаша нысанда жасалуы тиіс
 - 2) комиссionер деп комиссияға тауарлар қабылдайтын және осы тауарларды бөлшек саудада сатып алу-сату шарты (бұдан әрі мәтін бойынша – Шарт) бойынша өткіzetін кәсіпорын түсініледі.
 - 3) комитент деп комиссionердің сыйақы үшін тауарды сату мақсатында комиссияға тапсыратын кәмелетке толған жеке тұлға түсініледі.
 - 4) сатып алушы деп жеке, отбасылық, үй және өзге де қажеттіліктерге арналған тауар сатып алуға ниеті бар кәмелетке толған жеке тұлға түсініледі.
 - 5) тауар - пайдаланылған азық-түліктік емес тауар немесе жаңа тауарлар; техника, киім (тон), құндылықтар, антиквариат және басқалар.
3. Егер меншік құқығын ауыстырудың өзге тәртібі азаматтық заңнамада көзделмесе, комитент комиссияға қабылданған тауарға меншік құқығын сатып алушыға сатқан (берген) сәтке дейін сақтайды.
4. Комиссionер өзіндегі комитент мүлкінің жоғалуына, кем шығуына немесе бүлінуіне ұшыратқан әрбір қателігі үшін комитент алдында жауап береді.
5. Комиссionер келесі ақпаратты ұйымның маңдайшасына орналастыра отырып, комитент пен сатып алушының назарына өз ұйымның фирмалық атауын (атауын), оның орналасқан жерін (занды мекен-жайын) және жұмыс кестесін жеткізуге міндettі.
6. Осы Қағидаларды көрнекі және қолжетімді нысанда комиссionер комитенттер мен сатып алушылардың назарына жеткізеді.

2. КОМИССИЯҒА ТАУАРЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ

1. Комиссionер мен комитент арасындағы келісім бойынша комиссияға жаңа және пайдаланылған азық-түліктік емес тауарлар қабылданады.
2. Комиссияға тауарларды қабылдау комиссionер мен комитент қол қоятын құжаттарды (Комиссия шарты, тауарды қабылдау-тапсыру актісі және т. б.) жасау жолымен рәсімделеді, онда мынадай мәліметтер: құжаттың нөмірі, оның жасалған күні, тараптардың атауы мен деректемелері (мекен-жайы, есеп айырысу шоты, комиссionер мен комитенттің телефоны, паспорттық деректер немесе комитенттің жеке басын қуәландыратын құжаттың деректері);
тауар атауы;
пайдаланылған тауардың тозу дәрежесі және кемшіліктері;
тауар бағасы;
комиссиялық сыйақыны толеу мөлшері мен тәртіби;

комиссияга тауарды қабылдау шарттары;
сату мерзімі;
сатылмаған комиссиялық тауарды комитетке қайтару шарттары мен тәртібі;
комиссионер мен комитет арасындағы есеп айырысуның шарттары мен тәртібі;
егер тараптардың келісімі бойынша бұл шығыстар өтелуге жататын болса,
комиссияға қабылданған тауарды сақтау жөніндегі комиссионердің шығыстарын
төлеу мөлшері.

Комиссияға тауарларды қабылдау рәсімделетін комиссия шартында тараптардың
келісімі бойынша комитеттің құқықтарына нұқсан келтірмейтін қосымша
талаптар енгізуі мүмкін.

3. Егер комиссияға бірнеше тауар тапсырылса, олардың атауы мен бағасы
комиссияға тауарларды қабылдау рәсімделетін құжаттың ажырамас бөлігі болып
табылатын тауарлар тізбесінде көрсетілуі мүмкін. Көрсетілген құжат екі данада
жасалады. Бірінші данасы комитетке тапсырылады, екіншісі комиссионерде
қалады.
4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бөлшек саудада сатуға тыйым
салынған немесе шектелген айналымнан алынған тауарлар, сондай-ақ, қайтаруға
немесе басқа мөлшердегі, нысандағы, габариттегі, стильдегі, түстердегі немесе
жинақтаудағы ұқсас тауарға айырбастауға жатпайтын тауарлар: үйде
аурулардың алдын алуға және емдеуге арналған тауарлар; жеке гигиенаға
арналған заттар; парфюмерлік-косметикалық тауарлар; тігін және трикотаж
киім-кешек, шұлыш-шұлыш бұйымдары; полимерлі материалдардан жасалған,
оның ішінде бір рет пайдаланылатын тамақ өнімдерімен жанасатын бұйымдар
мен материалдар; тұрмыстық химия тауарлары; дәрілік заттар комиссияға
қабылданбайды.
5. Тауарды комиссияға қабылдау кезінде оған тауарды қабылдау кезінде
рәсімделетін құжаттың нөмірі көрсетіле отырып, тауар құлақшасы/баға
көрсеткіші бекітіледі.
Комиссияға қабылданған тауарлардың тізбесінде тауар таңбасында тауардың
жай-қүйін сипаттайтын мәліметтер (жана, пайдалануда болған, тозу дәрежесі,
негізгі тауар белгілері, тауардың кемшіліктері) көрсетіледі.
Комиссияға қабылданған тауарлардың тізбесіне және тауар белгісіне
комиссионер мен комитет қол қояды.
6. Комиссияға тауарлар жеке басын куәландыратын құжатты ұсыну бойынша жеке
тұлғалардан қабылданады.
7. Комитет комиссионерге берілген тапсырманың күшін жойып, кез келген
уақытта (Шарт және КР қолданыстағы заңнамасы шенберінде) комиссия шартын
орындаудан бас тартуға құқылы. Комиссионер тапсырманың күшін жоюдан
туындаған шығындарды өтеуді талап етуге құқылы. Комитет комиссия
шартында белгіленген мерзімде, ал егер мұндай мерзім белгіленбесе,
комиссионердің қарамағындағы өзінің мүлкіне дереу жұмсау міндетті.
Егер комитет бұл міндетті орында маса, комиссионер тауарды комитет
есебінен сақтауға тапсыруға, не оны комитет үшін барынша тиімді бағамен
сатуға құқылы.
8. Комиссионер мен комитет арасында комиссия шартының талаптарын орындау
бойынша туындастырын даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес
қаралады.

9. Комиссияга 40% - дан аспайтын тозуы бар сұранысқа ие жаңа немесе пайдаланылған мүлік қабылданады. Тауар оны мақсатына сай пайдалануға мүмкіндік беретін, таза, толық, жұмыс қүйінде болуы керек.

3. КОМИССИЯГА ҚАБЫЛДАНҒАН ТАУАРДЫҢ БАҒАСЫН ЖӘНЕ КОМИССИЯЛЫҚ СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРИН АНЫҚТАУ

1. Тауардың бағасы комиссиянан мен комитеттің келісімімен айқындалады.
 2. Комитет комиссиянан шартты комитетке байланысты себептер бойынша орындалмаса, комиссиянан комиссиялық сыйақы алу, сондай-ақ, келтірілген шығыстарды өтеу құқығын сақтайты.
- Егер комиссияның шартты комитетке байланысты себептер бойынша орындалмаса, комиссиянан комиссиялық сыйақы алу, сондай-ақ, келтірілген шығыстарды өтеу құқығын сақтайты.

4. КОМИССИЯГА ҚАБЫЛДАНҒАН ТАУАРЛАРДЫ САТУ ЖӘНЕ ЕСЕП АЙЫРЫСУ ТӘРТІБІ

1. Комиссияға қабылданған тауар демалыс және мереке күндерін қоспағанда, оны қабылдағаннан кейінгі келесі күннен кешіктірмей сатылымға түседі.
2. Комиссионер өзіне алған тапсырманы комитеттің нұсқауларына сәйкес орындауға, ал шартта мұндай нұсқаулар болмаған кезде - іскерлік айналымының дағдыларына немесе әдетте комитет үшін неғұрлым тиімді жағдайларда қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындауға міндетті. Егер комиссиянан мәмілені комитет көрсеткеннен гөрі тиімді жағдайлар бойынша жасаған болса, түсken олжа, шартта өзгеше көзделмесе, тараптарға тең бөлінеді.
3. Комиссионер комитет есебінен жасаған мәмілені үшінші тұлғаның орындағаны үшін, осы тұлғаны таңдауда комиссионер тиісті сақтық көрсетпеген не мәміленің орындалу кепілдігін өз мойнына алған (делькредере) жағдайларды қоспағанда, комитет алдында жауап бермейді. Комитет комиссиялық сыйақыны, ал тиісті жағдайларда делькредере үшін қосымша сыйақыны төлеуден басқа, комиссионерге тапсырманы орындау бойынша жұмсаған сомасын өтеуге міндетті.
4. Комиссионермен жасалған мәмілені үшінші тұлға бұзған жағдайда комиссионер бұл туралы деруу комитетке хабарлауға және қажетті дәлелдерді жинау мен қамтамасыз етуге міндетті.
5. Комиссионермен жасалған мәмілені үшінші тұлғаның бұзғандығы туралы хабарландырылған комитеттің осындағы мәміле бойынша комиссионердің ол адамға қойған талаптарын өзіне беруді талап етуге құқығы бар.
6. Комиссионер қосалқы комиссионердің іс-әрекеті үшін комитет алдында жауапты бола отырып, егер шартта өзгеше көзделмесе, басқа тұлғамен қосалқы комиссия шартын жасасуға құқылы.
7. Қосалқы комиссия шарты бойынша комиссионер қосалқы комиссионерге қатысты комитеттің құқықтары мен міндеттерін иеленеді.
8. Комиссия шарты тоқтағанға дейін, егер комитет комиссионермен жасаған шартта өзгеше көзделмесе, комитеттің қосалқы комиссионермен тікелей қатынас жасауға құқығы жоқ.
9. Кіріктірілген немесе сыртқы электрондық ақпарат құралдары бар өнім (ішкі жад,

алынбалы жад карталары және т.б.) олардағы барлық деректерді жойғаннан кейін қабылданады (аккаунттар, оның ішінде әлеуметтік желілер мен мобиЛЬДІ қосымшалардағы, аудио-, фото-, видеоматериалдар, құжаттар және т. б. ақпарат бар файлдар). Егер мұндай ақпаратты Комитеттің жоймаса, сату алдындағы дайындық барысында Комиссионер оны қосымша келісімінсіз және Комитеттің хабардар етпестен жоюға құқылы. Бұл ретте Комиссионерге жоғарыда көрсетілген ақпараттың сақталуы үшін қандай да бір жауапкершілік жүктелмейді.

10. Комиссионер жасасқан мәміле бойынша комитетке не үшінші тұлғаға берілуге тиіс мүлікті комиссионер комиссия шарты бойынша өзіне тиесілі сома төленгенге дейін ұстап қалуға құқылы.
11. Тауарды сатып алу-сату мәмілесін комиссионер өзі сатып алушы ретінде сатуға тиісті тауарды (өзіне мәміле жасау) қабылдайтындей етіп жүзеге асыра алады. Бұл жағдайда комиссионер комиссия шартында белгіленген мөлшерде комиссионерге біржолғы сыйақты төлеген жағдайда мәміле жасалғаннан кейін тікелей комитетке тауардың бағасын төлеуге құқылы.
12. Сатушы ретінде өз бетінше тауар ұсынған немесе оны сатып алушы ретінде қабылдаған комиссионердің жай комиссиялық ақы алуға құқығы бар және комиссиялық мәмілелерден туындастын шығындардың орнын толтыру жөнінде шот ұсына алады.
13. Тауарды қабылдау кезінде көзben шолып қарау барысында анықталуы мүмкін емес кемшіліктер (жасырын ақаулар) анықталған жағдайларда Комиссионер Комитетті өз қалауы бойынша кез келген тәсілмен дереу хабардар етуге міндетті. Бұл ретте Комиссионер осындағы кемшіліктері бар Тауарды сатудан алып тастауға және Комитетке қайтаруға немесе Комитетпен келісім бойынша Тауарды төмендетілген бағамен сатуға құқылы.

5. КОМИССИОНЕРДІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

1. Комиссионердің жауапкершілігі:
 - 1) Комиссионер өз қарауында тұрган комитеттің мүлкін сақтандырмаған болса, бұл үшін комитет оған мүлікті сақтандыруды тапсырған немесе мүлікті сақтандыру заң бойынша міндетті болған жағдайлардаға жауап береді.
 - 2) Комиссионер үшінші тұлғамен мәміле бойынша міндеттемелерді орындағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылықта болады.
 - 3) Комиссионердің үшінші тұлғамен мәміле бойынша өз міндеттерін орындағанын туындаған шығыстар комиссионердің есебінен жабылады.

6. КОМИССИЯҒА ҚАБЫЛДАНҒАН ТАУАРЛАРДЫ АРЗАНДАТУ

1. Комиссияға қабылданған тауарларды бағалау тәртібі мен мөлшерін комиссионер мен комитеттің комиссия шартын жасасу кезінде келіседі.
2. Егер бұл шартта көзделсе, комитеттің арзандатудан бас тартқан кезде тауар сақтау жөніндегі шығыстарды комиссионерге өтей отырып, оған қайтарылады.
3. Тауарға бағалау жүргізу шартқа қоса беріліп отырған комиссияға қабылданған тауарлардың тізбесінде, тауар құлақшасында немесе баға көрсеткішінде

көрсетіледі.

7. КОМИТЕНТІҢ ТАПСЫРМАНЫҢ КҮШІН ЖОЮЫ

1. Комитеттің комиссияның берген тапсырманың кез келген уақытта күшін жоюға құқылы. Бұл орайда комиссияның тапсырманың күшін жоюдан шеккен залалдары жалпы негіздерде өтеледі.
2. Тапсырманың күші жойылған жағдайда комитеттің тапсырманың күші жойылған кезден бастап бір айдың ішінде, егер шартта өзге мерзім белгіленбесе, комиссияның мүлікке билік етуге міндетті. Егер комитеттің бұл міндетті орындаамаса, комиссияның тапсырманы не мүлікті сақтау үшін өткізуге, не оны комитеттің үшін негұрлым тиімді бағамен сатуға құқылы.

8. КОМИССИОНЕРДІҢ ТАПСЫРМАНЫ ОРЫНДАУДАН БАС ТАРТУЫ

1. Егер шартта өзгеше көзделмесе, комитеттің өз міндеттерін бұзыу тапсырманы комитеттің нұсқауларына сәйкес орындаудың мүмкін болмауына әкеп соғатын немесе атқарудың мүмкін болмауы комиссияның жауап бермейтін өзге де жағдайлардың салдарынан туындаған жағдайларды қоспағанда, комиссияның өзіне алған тапсырманы орындаудан бас тартуға құқығы жоқ.
2. Комиссияның өзінің бас тартуы туралы комитетке жазбаша хабарлауға және өзіндегі комитеттің мүлкінің сақталуына шаралар қолдануға міндетті.
3. Комиссияның тапсырманы орындаудан бас тартқандығы туралы хабардар етілген комитеттің, егер шартта өзге мерзім белгіленбесе, бас тартуды алған күннен бастап бір айдың ішінде комиссияның мүлікке билік етуге міндетті. Егер ол бұл міндетті орындаамаса, комиссияның тапсырманы не мүлікті сақтауға өткізуге, не комитеттің үшін мүмкіндігінше тиімді бағамен сатуға құқылы.
4. Комитеттің өз міндеттерін бұзыу салдарынан тапсырманы орындаудан бас тартқан комиссияның комиссиялық сыйақыға, сондай-ақ шыққан шығындардың орнын толтыруға құқығы сақталады.

9. ХАБАРЛАМА

1. Комиссияның өзіне мәміле жасаған кезде комитеттің мәміле жасалғаны туралы хабардар етілген болып есептеледі және оған қосымша хабарлама талаң етілмейді.

10. КОМИССИИ ШАРТЫН ТОҚТАТУ

1. Комитеттің комиссия шартында көзделген барлық тапсырмалардың күшін жойған жағдайда, шартты тоқталады.
2. Комиссия шарты жалпы негіздермен қатар:
 - 1) комиссияның шартты орындаудан бас тартуының;
 - 2) комиссияның қайтыс болуы, оны әрекетке қабілетсіз, әрекетке қабілетті шектеулі, хабар-ошарсыз кеткен немесе дәрменсіз (банкрот) деп танудың салдарынан тоқтатылады.